

segment

Get started

Тауларды аласартпай, Даланы асқақтатты



Нұрсұлтанның қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ дегенді қайталай айтқаны өте жақсы болды. Иә, тарихымызда біз ұялатын ештеңе жоқ. Бұл туралы «Егемен Қазақстан» газетіне сұхбатында ақын, мемлекет қайраткері Олжас Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Астанада өткен салтанатты жиналыста сөйлеген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзіне өз пікірін білдірді. Менің жас күнімде жазып, өмір бойы ұстанып

кеle жатқан қымбат қағидам - тауларды аласартпай, даланы асқақтатту. Елбасы сөзі дәл осы ойдың орайынан шыққандығымен көніл толтырып отыр. Нұрсұлтан Назарбаев тарихи сөз сөйледі. Бұлай дегенде мен ол сөздің тарихқа арналғандығын, тарихи оқиғаға байланысты айтылғандығын мензеп тұрган жоқпын. Президенттің бұл сөзі Мемлекет басшысының қазақ тарихын жалпы бағалау арқылы оның мән-маңызын терең ашып көрсеткендігімен ерекше құнды. Елбасы қазақ мемлекеттілігінің тұп-тамыры өте арғы замандарда екенін нақты дәлелдеді. Тарих мәселелерімен айналысқаныма жарты ғасырдан асып барады. Осы жылдарда талай енбектерімде мемлекеттіліктің бірінші белгісі жазуы болуы екендігін айтқанмын. Менің түркі жазуының бастауларын қазақ даласынан алыс жерлерден іздегенім белгілі. Мұның өзі біздің бабаларымыздың жеті жүртпен жалғасып жатқан дәстүрлері мол болғанын білдіреді. Жұбан ақын жақсы айтқан, «Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген» деп. Біздің ары-бері жөнкіле көшіп-қонуымыз Еуразияның алып даласында әртүрлі мемлекеттіліктердің пайда болуымен, өркендеуімен, жоғалуымен жалғасып жатқан. Түркілер сияқты ұлы этностың жиналусыз, құрылусыз өмір сүруі әсте мүмкін емес еді. Мемлекет дегеніміздің басты белгісі де сол. Қазір біздің қайта жиналып, қайта құрылып жатқанымыздың маңызы да осында. Бұл, әсіресе, он сегізінші, он тоғызыншы ғасырлардағы катастрофалардан кейін ерекше мәнді. Нұрсұлтанның қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ дегенді қайталай айтқаны өте жақсы болды. Иә, тарихымызда біз ұялатын ештеңе жоқ. Бабаларымыз жаулаушылық, тонаушылық соғыстарын жүргізіп, тарихта қанды ізін қалдырмады. Сонымен бірге, біздің тарихымызда біз қайғыра еске алатын кезендер барышылық екенін де ұмытпауға тиіспіз. Біз сол кезендерде етек-женімізді жинай алмағанымыз, басымыздың бірікпегені үшін қысылуға, сол трагедиялы тұстардан тағылым алуға тиіспіз. Президент сөзінің куатты бір тезисі осы. Нұрсұлтан Назарбаев түркі дүниесінің тұтастығына да тоқталды. «Араб көктемінен» кейін сондай сынақты сырт күштер түркі дүниесіне де дайындалмайды деп ешкім де айта алмайды. Осы тұрғыдан қарағанда біз түркі тілдес елдердің куаттанып келе жатқанына қуанамыз. Менің досым Гейдар Алиевтің ұлы Ильхам Алиевтің басқаруымен Әзербайжанда өте ірі істер атқарылып жатқанын атап өту жөн. Қарабақ қырғынынан кейін елдің еңсе көтеріп, бой тіктең кетуі үлкен жетістік. Мені ақын ретінде Нұрсұлтанның өз мемлекеттімізді Ұлы Даға елі деп бейнелі атау жөніндегі ұсынысы өте қуантады. Бұл өте дұрыс. Енді біз Ұлы Даға перзенттері деген атақта лайық болуды ойлауымыз керек.